

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған  
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№ 7 2023 ЖЫЛҒЫ "31" мамыр

Төрайым: Смаилова Саягуль Канатовна

Хатшы: Канафина Г.Ж.

Қатысқандар: 33 (тізім қоса тігіледі)

**Күн тәртібі**

1. 2022 – 2023 оқу жылының қорытындысы
2. Бастауыш сыныптағы қазақ тілі, математика пәндерін оқыту сапасының қорытындысы
3. Информатика, дене шынықтыру пәндерінің жүргізілу сапасының қорытындысы
4. ТЖБ қорытындысын бақылау
5. Жаңа оқу жылына арналған міндеттерді белгілеу.


**Тыңдалды:**

Отырыс басында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Смаилова С.Қ. 2023 жылдың 28 наурызында өткен ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №6 ӘК отырысының шешіміне сәйкес сабақта түрлі әдіс – тәсілдерді қолдану, оның ішінде АКТ назар аудару. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстар жүргізу туралы есептер берілді.


ӘК хатшысы Табиғатқызы Толқынның декреттік демалысқа шығуына байланысты ӘК хатшысы болып Шамшитова Шамшия Асылханқызы сайланды.

Смаилова С.Қ. мектеп мұғалімдеріне 2022-2023 оқу жылының оқу-әдістемелік іс-шаралары бойынша есеп берді. Оқу жылының басында бекітілген жоспар бойынша барлық іс-шаралар өткізілді. 2022 – 2023 оқу жылында мектебіміз «Нәтижеге бағытталаған, құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие үрдісінде педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіру арқылы білімді терең меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру» тақырыбы бойынша жұмыстар атқарды. Пәндердің қорытындысы бойынша жылдық мониторинг шығарылды:


### Бастауыш сынып бірлестігі



### Гуманитарлық бірлестік



### Жаратылыстану - математикалық бірлестік





Осы оқу жылына қойылған міндеттердің барлығы орындалды. Және мектептің әдістемелік бірлестік жетекшілері жылдық жұмыстары бойынша есеп берді.

### **Сөз сөйлегендер:**

Назарбекова С.А. –Биылғы оқу жылында жоспарланған мектепшілік барлық іс-шаралар өткізілді. Оқушылардың аудандық, облыстық сайыстар мен байқауларға қатысуы жақсы болды. Бірнеше облыстық және аудандық жетістіктер болды. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша жоспар және жұмыс кестесі құрылды. Келесі оқу жылына арналған жоспардың жобасы құрылуда.

### **Қаулы етеді:**

#### Аталған мәселе бойынша шешім

1. 2022-2023 оқу жылының жоспарының орындалуын қанағаттанарлық деп есептеу.
2. 2022-2023 оқу жылының қорытындысын және мұғалімдердің ұсыныстарын негізге ала отырып, жаңа оқу жылының жылдық жоспарының жобасын құру.
3. Дарынды оқушылармен жұмысты нығайту бойынша жаңа оқу жылына жоспар құру.

№2 сұрақ бойынша Смаилова С.К. бастауыш сыныптағы қазақ тілі, математика пәндерін оқыту сапасы бойынша бақылаудың қорытындысын шығарды. 2022-2023 оқу жылына 2023 жылдың сәуір айында бастауыш сыныптардың сабақтарына қатысу жүргізілді. Сабаққа қатысу барысында:

- формативті бағалаудың өткізілуін, педагогтің кері байланыс жасауын, пән бойынша олқылықтарды жою жұмыстарын бақылау
- Сабақты жоспарлау және жүргізу.
- оқыту үдерісі мен заманауи оқыту мазмұнын жаңарту мақсатында сабақты өткізудің сапасы.
- сабақтың оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігі.
- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізілуі бақыланды.

Мұғалімдер жоспарда сабақтың барлық кезеңдерін қамтылған, сабақ мақсаты оқу мақсаттарына сай, оқу мақсаттары оқу бағдарламасынан алынған, формативті баға жоспарланған, ұсынылған ақпарат сабақ мазмұнына сай келеді, оқу әдістері жоспарланған, мұғалім мен оқушының әрекеті анық жоспарланған. Бірақ көп мұғалімдер үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жеке жұмыс жоспарламайды.

Сабақ мақсатын және күтілетін нәтижені қоюға оқушылар үнемі тартыла бермейтіні де анықталды. Алдыңғы сабақтағы ақпаратты қайталай отырып жаңа сабақтар түсіндіріледі және бекіту тапсырмалары орындалады. Мәтіндерді оқып, проблеманы анықтап, сұрақтарға жауап беруде дәлел келтіре білу сияқты тапсырмалар орындалады. Сын тұрғысынан ойлау, тіл мәдениетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту мәселелеріне көңіл бөлінеді. Оңайдан қиынға қарай тапсырмалары орындалады. Сабақтарды өткізуде әдіс



– тәсілдер көп қолданылмайтыны анықталды. Сабақтар дәстүрлі түрде көп өткізіледі. Оқушылардың тіл мәдениетін дамытуға және оқу сауаттылығын дамытуға тапсырмалар көп қолдану керек.

Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар кей сабақтарда жүргізіледі. Үлгерімі төмен оқушыларға арнайы жеңілдетілген түрдегі жеке тапсырмалар беріледі. Көп сабақтарда А,В,С деңгейлік тапсырмалары орындалады. Үлгерімі төмен оқушыларға: сурет бойынша әңгімеле, сәйкестендір, орнына қой т.б тапсырмалар беріледі.

Қалыптастырушы бағалау жүргізу үшін арнайы тапсырмалар беріледі. Сабақ басында сабақты бағалау критерийлері айтылады. ҚБ тапсырмасын беру алдында тапсырманы анық түсіндіреді, дескрипторлар беріледі. Сабақтарда оқушылармен кері байланыс жүргізіліп отырады. ҚБ өткізу әдістерін қолданады.

### **Сөз сөйлегендер:**

- Альмагамбетова С.Ж. – Бастауыш пен орта буын сабақтастығын нығайту мәселесін қосу керек деп ойлаймын. Сол кезде білім сапасының нақты өсуінің нәтижесін көре аламыз.

### **Қаулы етеді:**

#### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта белсенді әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану;
2. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында сабақты тиянақты жоспарлау;
3. Сабақта формативті бағалауға арналған тапсырмалар жоспарлау;

№3 сұрақ бойынша Смаилова С.К. информатика, дене шынықтыру пәндерінің жүргізілу сапасының қорытындысын айтты. Сабаққа қатысу барысында сабақ мақсаттары оқу мақсаттары негізінде құрылатыны байқалды. Мұғалімдер жоспарда сабақтың барлық кезеңдері қамтылған, сабақ мақсаты оқу мақсаттарына сай, оқу мақсаттары оқу бағдарламасынан алынған, формативті баға информатика сабағында жоспарланған, ұсынылған ақпарат сабақ мазмұнына сай келеді, оқу әдістері жоспарланған, мұғалім мен оқушының әрекеті анық жоспарланған.

Сабақ мақсатын және күтілетін нәтижені қоюға оқушылар үнемі тартыла бермейтіні де анықталды. Алдыңғы сабақтағы ақпаратты қайталай отырып жаңа сабақтар түсіндіріледі және бекіту тапсырмалары орындалады. Мәтіндерді оқып, проблеманы анықтап, сұрақтарға жауап беруде дәлел келтіре білу сияқты тапсырмалар орындалады. Сын тұрғысынан ойлау, тіл мәдениетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту мәселелеріне көңіл бөлінеді. Оңайдан қиынға қарай тапсырмалары орындалады. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар кей сабақтарда жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау жүргізу үшін арнайы тапсырмалар берілмейтіні анықталды, бағалау критерийлері көп жағдайда қойылмайды. Сабақтарда оқушылармен кері байланыс жүргізіліп отырады. Формативті бағалау тек сабаққа қатысу бойынша ғана қойылады. Дене шынықтыру сабақтарында ҚБ жүргізілмейді, мұғалім кері байланыс жасайды.

Сабақтарды өткізуде әдіс – тәсілдер көп қолданылмайтыны анықталды. Сабақтар дәстүрлі түрде көп өткізіледі.

**Сөз сөйлегендер:**

- Дуйсенбаева Л. – Техника дамыған заманда информатика пәні бойынша оқушылар цифрлық технологияны меңгеру оңай болады.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта белсенді әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану;
2. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында сабақты тиянақты жоспарлау;

№4 сұрақ бойынша Смаилова С.К ТЖБ қорытындысын бақылау жүргізілді. Барлық ТЖБ жұмыстары алдын- ала бекітілген жоспар бойынша жүргізілді. Барлық пәндер бойынша ТЖБ спецификациясы бойынша құрастырылған.

**Сөз сөйлегендер:**

Канафина Г.Ж. – БЖБ және ТЖБ жұмыстарын рәсімдеуде оқушылардың деңгейі ескеріледі. Тапсырмалар өткен тапсырмаларға ұқсас, және оқушының өз ойын жеткізе білуге бағытталған болады.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. БЖБ, ТЖБ нұсқаулыққа сәйкес өткізу.
2. Қажет болған жағдайда модерация өткізу керек.

№5 сұрақ бойынша Смаилова С.К. мұғалімдерді 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспардың жобасымен таныстырды. Келесі оқу жылына арналған мақсат міндеттермен таныстырды. Мұғалімдер өздерінің ұсыныстарын айтты. 2023-2024 оқу жылында мектеп «Нәтижеге бағытталаған, құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие үрдісінде педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіру арқылы білімді терең меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру» тақырыбымен жұмыс істеуді жалғастырады. 2022-2023 оқу жылында осы жылғы болған кемшіліктерді жою үшін жағдайлар жасау, оқушылардың білім сапасын арттыру басты мақсат болып отыр. Ол үшін:

- Дарынды оқушыларға басым назар аудару, облыстық, республикалық сайыстарға қатыстыру;
- Мұғалімдердің мамандық құзіреттілігін арттыру;
- Мұғалімдердің іс- тәжірибесін тарату жұмысын қолға алу;
- Ата-аналардың тәрбиедегі ролін дамыта отырып мектеп өміріне белсендендіре түсу;

**Сөз сөйлегендер:**

- Назарбекова С.А. – Жаңа оқу жылына қойылған міндеттерді орындау үшін жұмыс жоспарын нақты құру керек.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім



1. Жаңа оқу жылына қойылған мақсатты орындау үшін жылдық жоспар құру.
2. 2023-2024 оқу жылына қойылған мақсат пен міндеттерді жылдық жоспарға енгізу.

ӘК төрайымы:



Смаилова С.К.

Хатшы:



Шамшитова Ш.А.

**«Олжабай батыр ауылының жалпы орта  
білім беретін мектебі» КММ-педагогикалық қызметкерлер тізімі**

<b>№</b>	<b>Аты – жөні</b>	<b>Қызметі</b>
1	Назарбекова Сауле Ануарбековна	Мектеп директоры
2	Смаилова Саягуль Канатовна	Оқу ісі жөн. орынбасар
3	Сергазы Жадыра	Тәрбие ісі жөн.орынбасар
4	Шайкенова Н.Р	Мұғалім
5	Дүйсенбаева Лира	Мұғалім
6	Альмаганбетова Сания Жолдангаровна	Мұғалім
7	Акишев Куат Калдыбаевич	Мұғалім
8	Дукенбаева Нуржамал Ергалиевна	Мұғалім
9	Канафина Гульнур Жолдыбековна	Мұғалім
10	Асқар Ергали	Мұғалім
11	Ажыхан Есенжан	Мұғалім
12	Кокумбаев Канат Елюкенович	Мұғалім
13	Хужин Азамат Наирович	Мұғалім
14	Сайлаухан Батыржан	Мұғалім
15	Кункенов Сунқарбек Сламбекович	Мұғалім
16	Хауай Рысгуль	Мұғалім
17	Кункенова Майкен Назымбековна	Мұғалім
18	Хожабай Балжан	Мұғалім
19	Дүйсенбаев Мухаметгали Темирбаевич	Мұғалім
20	Кункенова Гульмира Абайевна	Мұғалім
21	Байғабыл Тилеубек	Мұғалім
22	Кабдышева Айнұр Канатовна	Мұғалім
23	Умурзакова Гульдана Қайратовна	Мұғалім
24	Естай Айкумис	Мұғалім
25	Алеш Айгуль	Мұғалім
26	Жагипарова С.Т.	Мұғалім
27	Асылбек А.	Мұғалім
28	Мухитова Н.Б.	Мұғалім
29	Хуат А.	Мұғалім
30	Рақыш Б.	Мұғалім
31	Шамшитова Шамшия Асылхановна	Тәлімгер
32	Рақыш Қ.Н.	Педагог – психолог
33	Джаббарбергенова С.Д	Мұғалім